



«Рухани жаңғыру» орталығы- сананы жаңғыртудың құралы

Мемлекет басшысы Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласында көрсетілген міндеттерді жүзеге асыру мақсатында биылғы оқу жылынан бастап Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінде «Рухани жаңғыру» орталығы өз жұмысын бастады. Білім алушылардың бойында рухани-мәдени құндылықтарды қалыптастыруды басты мақсат еткен аталмыш орталықтың бастамасымен «Рухани жаңғыру» деп аталатын жаңа пән оқу бағдарламасына енгізілді.

Аталған пәннің оқу бағдарламасы бойынша университеттің 1 курстың 345 білім алушылары қыркүйек айының 13-і мен 22-і аралығында ел егемендігінің 26 жылдығына орай елімізде алғашқы болып ашылған, ұлттық құндылықтарды ұлықтайтын рухани орда – «Рухани жаңғыру» мұражайында болып, мұражайдың көрме залдарымен танысты.

Аталмыш мұражайдың ғимараты 1893 жылы негізі қаланған. Кешеннің XIX ғасырдың соңындағы мавритания сәулетімен көмкерілген тарихы мен бейнесі де студенттер назарынан тыс қалған жоқ. Ғасырлардан жеткен жәдігерлерді қою, еркіндікті армандаған азаматтардың рухын қайта тірілту мақсатында «Туған жер» бағдарламасына сәйкес тарихи ғимарат жергілікті кәсіпкерлердің күшімен музейге лайықталып, қалпына келтірілген. Мұражай «БҚО киелі жер-

лері», «Ұлттық баспасөз тарихы», «Батыс Алаш Орда тарихы» және «Жаңарған өлке» атты төрт экспозициялық залдан құралған. Экскурсия барысында студенттер мұражайдың «Қазақстанның қасиетті рухани құндылықтары» жобасы аясында жасақталған «Батыс Қазақстан облысының киелі жерлері» деп аталатын залында интерактивті картаның көмегімен Қазақстанның киелі жерлерінің тізіміне өңірімізден енген ортағасырлық «Жайық» қалашығы мен «Бөкей Ордасы» тарихи музейі кешені, Тақсай қорған кешені, Жымпитыдағы Алашорда музейінің тарихымен танысты.

«Ұлттық баспасөз тарихы» деп аталатын екінші залда 1911 жылғы 10 наурыздан 1913 жылғы шілдеге дейін Орда қаласында, 1913 жылғы 15 қарашадан жыл аяғына дейін Орал қаласында орыс, татар, қазақ зиялыларының атсалысумен шыққан «Қазақстан» газеті және басқа да қазақ зиялылары шығарған тұңғыш жүйелі басылымдар жөнінде терең баяндалды. Қаржының жетіспеушілігіне байланысты тек 18 саны шыққан басылымда отырықшылық, оқу-ағарту, өнер-білім, мәдениет тақырыбында жарық көрген орыс, татар, қазақ тіліндегі Б.Қаратаев, Ғ.Қараш, Ш.Бөкейұлы, Ғ.Көпжасаров және тағы басқа қайраткерлердің мақалалары мұражай залында көрініс тапқан. Аталған зал қазақ жеріндегі ұлтаралық тағулық, ынтымақтастықтың әріден келе жатқандығын көрсету мақсатында жасақтаған.

Үшінші «Батыс Алаш Орда тарихы» залында студенттерге өткен ғасырдағы



азаттықты аңсаған қайраткерлер жауапты және жігерлі, өз Отанының өмірі, соның ішінде Батыс Алашорда мен оның өкілдері Жаһанша, Халел Досмұхамедовтердің және тағы басқалардың ұстанған бағыт-бағдары жөнінде мәліметтер беріліп, Алаш қайраткерлеріне арналған деректі фильмдер электронды түрде көрсетілген.

Ал тәуелсіздік табыстарымен таныстыратын «Жаңарған өлке» деп аталатын төртінші залда егемен елдің елордасы Астана мен Орал қаласының бүгінгі жетістіктері туралы мағлұматтар таныстырылды. Сонымен қатар Орал қаласының өткен ғасырлардағы көрінісі бейнеленген фотосуреттер арқылы қаланың тарихи бейнесін көруге болады.

Қазақ халқының жалпы адамзаттық мәдениетін бойына сіңірген, білімді,

жауапты және жігерлі, өз Отанының шынайы патриоты бола білетін тұлға қалыптастыруда «Рухани жаңғыру» пәнінің атқаратын міндеті зор. Осы міндеттерді жүзеге асыруда білім алушылардың бойында университеттің қалыптасқан өзіндік дәстүрлері арқылы рухани-мәдени құндылықтарды қалыптастыру, ғылымға құштарлықты ояту және салауатты өмір салтын насихаттау мен ұйымдастыру басты бағыттар ретінде негізге алынды. Аталған бағыттарды үйлестіруде және іске асыруда университет жанынан құрылған «Рухани жаңғыру» орталығының атқарып отырған қызметі орасан.

Аягөз ЖАРДЕМОВА,
«Рухани жаңғыру» орталығының
оқытушысы